

"Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2025 жылғы 28 ақпандагы № 25/3-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Эдilet департаментінде 2025 жылғы 3 наурызда № 9139-16 болып тіркелді

Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25020 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген 2-қосымша, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат төрағасы

Л. Гречушникова

Алтай ауданының мәслихатының

2025 жылғы 28 ақпандагы

№ 25/3-VIII шешіміне

қосымша

Алтай ауданының мәслихатының

2021 жылғы 21 қазандағы

№ 8/5-VII шешіміне

2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

Ұлы Отан соғысының ардагерлері.

Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер.

Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар.

Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар.

Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер.

Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай

адамдардың жасы өскери қызметке шақырылған кезде мерзімді өскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.

Қандастар.

Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан түрғын үйінен айырылған адамдар.

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.

Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, өскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары.

Толық емес отбасылар.

Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар).